

**Облыстық мәслихаттың (II сайланған XXIV сессиясы) 2002 жылғы 30 желтоқсандағы "Облыс қалалары мен аудандары жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) туралы N 94/24 шешіміне толықтыру енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 24 қазандағы N 141/10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 31 қазанда N 3127 тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 23 ақпандағы № 10/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 23.02.2021 № 10/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Облыстық мәслихаттың (II сайланған XXIV сессиясы) 2002 жылғы 30 желтоқсандағы "Облыс қалалары мен аудандары жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) туралы" N 94/24 шешіміне(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2003 жылғы 22 қаңтарда N 1600 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 1-тармағы "облыс қалалары мен аудандары" деген сөздерден соң "салық салу мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Облыстық мәслихаттың (IV сайланған VI сессиясы) 2008 жылғы 20 маусымдағы "Облыстық мәслихаттың (II сайланған XXIV сессиясы) 2002 жылғы 30 желтоқсандағы "Облыс қалалары мен аудандары жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) туралы" N 94/24 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 103/6 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

В. Кабурнеев

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

